



Ақмешіт

29 қазан
сәрсенбі
№82 (2194)
2025 ЖЫЛ

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ҚҰРЫЛЫСЫНА ҚАРАП, ҚАЛАНЫ ТАНЫ



Сырдың бас шаһарындағы құрылыс қарқын алды. Бүгінде қаланың әр бұрышында мезгіл таңдамай, уақытпен санаспай қала тіршілігінің тамырына қан жүгірткен құрылыс жұмысы қыза түсті. Мұны қаланы бір аралап шыққан қарапайым тұрғын да байқайды. Зәулім үйлер мен ғимараттар, жөнделген жолдар, жанарған ойын алаңдары мен саябақтар жүйелі жұмыстың нәтижесі.

Қаладағы қарқынды құрылыс күн сайын бой көтерген зәулім үйлерден байқалады. Кейінгі жылдары Қызылорда

қаласында ай сайын жаңа тұрғын үй пайдалануға беріледі десек артық айтқандық емес. Баспана басты мәселе десек, тұрғындардың көкейтесті мәселесі жыл сайын жүйелі түрде шешімін тауып келеді. Қалалық құрылыс бөлімінің мәліметіне сүйенсек, «Тұрғын үй құрылысын салу» бағдарламасы бойынша 2886,4 млн теңге қаланың сол жағалау бөлігінде №2 шағын ауданында 40 пәтерлі 10 тұрғын үйдің құрылысын аяқтауға бөлінген. Жоба құны 8 млрд 649,1 млн теңгені құрайды, жалпы ауданы 28 905

шаршы метр. Өткен жылы бұл мақсатқа 5 млрд 762,5 млн теңге бөлінген. Жоспар негізінде 2845,9 млн теңге толығымен игерілген.

— Кезекте тұрған көпбалалы және осал топтағы азаматтарға пәтер сатып алуға қаржы бөлінді. Бүгінгі күнге осал топтағы кезекте тұрған отбасыларға 324 пәтер, үш бөлмелі ипотекалық 21 пәтер сатып алынды, — дейді қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Айдын Әнуар.

3-БЕТТЕ

СҰХБАТ

Ерлан КӘРІМОВ, экономист,
тәуелсіз сарапшы:

Ел экономикасы жаңа дәуірге қадам басуда



Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстан отыз жылдан астам уақыт ішінде елеулі экономикалық өзгерістерге қол жеткізді. Елдің экономикалық картасы жаңарып, жаңа бағыттар мен басымдықтар қалыптасты. Мұнай өнеркәсібіне негізделген алғашқы серпілістер, аймақтардың дамуы, инфрақұрылымдық тәуелсіздік пен адами капиталдың артуы — бұл жылдардың жемісті жетістіктерінің бір бөлігі ғана. Еліміздің экономикалық трансформациясы мен алдағы даму барысы жайлы экономист, тәуелсіз сарапшы Ерлан Кәрімовпен сұхбаттасқан едік.

2 БЕТТЕ

СҮЙІКТІ ҚАЛАМ – ҚЫЗЫЛОРДА!

Алты Алашқа алғаш Астана атымен танылған Сыр елінің бас қаласы Қызылорда бүгінде Қазақстандағы өркениетті өрісті, сәулеті келісті, еңбегі жемісті, әлеуеті артқан, дәулеті тасыған, ежелгі қолтаңбасымен тарих мінберінде данқы шыққан келбетті шаһарға айналды. Екі ғасырдан астам тарихы бар қаланың бүгінінен ертеңі нұрлы, болашағы жарқын, арманы асқақ құтты мекенге айналып, гүлденуі мемлекеттің қолдауымен жүзеге асып жатқан байыпты жобалардың нәтижесі дер едім. Сонымен қатар туған жерін көркейтуге аяныбай тер төккен жергілікті кәсіпкерлердің де белді бастамаларымен жеке қаржылары есебінен әлеуметтік, мәдени, рухани нысандар бой көтеріп, ел игілігіне берілуі ұлтжандылық пен патриоттықтың көрінісі.

БҮГІНГІ АТҚАРЫЛҒАН ІС — ЕРТЕҢГІ ТАРИХТЫҢ АЛТЫН БЕТТЕРІ

Жуырда ғана қаланың сол жағалауынан 11 мың көрерменге арналған жаңа стадионның ашылуы керемет жаңалық болды. Жалпы ауданы 20 мың шаршы метрді құрайтын жаңа спорттық кешен халықаралық талапқа сай салынған. Мұнда футбол алаңы ғана емес, олимпиадалық стандартқа сәйкес келетін бокс, күрес, фитнес, спорттық гимнастика және ауыр атлетика залдары орналасқан.

Өңірдегі ауқымды жобаның бірі — музейдің ашылуы Сыр елінің рухани дамуы мен мәдениет саласындағы маңызды жаңалық.

Қазанғап атындағы музыкалық жоғары колледжінің жаңа ғимаратқа көшуі де өнер саласындағы керемет жаңалық. Өнер ордасы Сыр өңірінің мәдени келбетін айшықтайтын, талантты жастардың шығармашылығын шыңдайтын қасиетті орын. Бұл игі іс Мемлекет басшысының «Туған жерді бірге түлетейік!» бастамасына үн қосқан кәсіпкерлер мен меценаттардың қолдауы арқасында жүзеге асты.

Сыр елінде жасалған әрбір іс, жоба — жай ғана қолдау емес, ұлттың ұлы мұратына деген ұқыпты қамқорлық пен саналы қызметтің көрінісі. Сүйікті қаламызда дарынды балалар мен жасөспірімдердің шабытына қанат бітіретін, арманын ұшпайтын ерекше білім ордасы «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясының ашылуы — келешекке жол ашар, өскелең ұрпақтың рухын түлететін мәні терең, маңызы зор бастама.

Аймағымыздағы бой көтерген жаңа нысандар тек ғимараттардың салынуы ғана емес, сонымен қатар жастарға жаңа мүмкіндік ашу, оларды болашаққа дайындаудың негізгі болып табылады.

Жақын арада өңір экономикасына серпін беретін «Қызылорда-Нан» кешені ашылды. Араға отыз жыл салып, бұл игі дәстүр жалғасын тауып, 5,6 миллиард теңге қаржы жұмсалған бұл кешен — тек өндірістік ғана емес, әлеуметтік және ұлттық маңызға ие ірі нысан. Бүгінде мұнда 120 адам еңбек етуде, алдағы уақытта жұмыс орындарының саны 170-ке дейін көбеймек.

Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанына және «Қазақ» атауының қайтарылғанына 100 жыл толу мерейтойы аясында Сырдария өзенінің сол жағалауында 320 пәтерлік 4 көпқабатты тұрғын үй кешені пайдалануға берілді. Кейінгі жылдары ерекше қарқынмен дамыған сол жағалау сәулетті тұрғын үйлермен толығы түсті. Соңғы үш жылда қаржыландырудың барлық көзінен облысымызда 2 млн 500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, 25 мыңға жуық тұрғын қоныстойын тоылғанға қандай керемет. Адамға ең керекті — жайлы баспана. Бұл тұрғыдан келгенде қызылордалықтарға үздіксіз беріліп жатқан тұрғын үйлердің сапасы да, сәулеті де ерекше. Қызылорда қаласының өзінде соңғы үш жылда 5 600 пәтер жерлеріміздің игілігіне берілген. Өткен жылдан бастап қаламызда заманауи жаңа дизайнмен 7, 9, 12 қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде. Бұл туған қаланың сәулетін айшықтап, өркениетті шаһарға айналуға нық қадам деп ойлаймын.

Айта кетейік, аймақта соңғы үш жылда 55 млрд теңгеден астам сомаға демеушілік жобалар жүзеге асырылды.

Мұндай кешенді жобалар — жүйелі жоспарлау мен жүректен туған жанашырлықтың нәтижесі. Бүгінгі атқарылған істер — тек бүгінгі жетістігі емес, ертеңгі тарихтың алтын беттері. Қоғамдық ресурсты бір арнаға тоғыстыра отырып, ел игілігіне бағыттау — дамудың дара жолы екені анық.

Мархабат ЖАЙЫМБЕТОВ,
Мәжіліс депутаты

Баспасөз-2026

АҒАЙЫН,
«АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2026 жылдың бірінші
жартыжылдығына жазылу
жүруде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті
газетіңізге жазылу
ұмытпаңыз.

Жекелер үшін
6 айға — 4000 теңге, мекемелер
үшін — 5000 теңге.

Баспасөзге қатысты
сауалдарыңыз болса, мына
нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

Чемпионмен бірге жүгір!



Республика күні мен шаһардың астана болғанына 100 жыл толуына орай қалада спорттық іс-шара өтті. Ел мерейін асқақтатып, салауатты өмір салтын дәріптеуді мақсат еткен қала тұрғындары «Чемпионмен бірге жүгір!» атты жеңіл атлетикалық кіші марафонға жаппай қатысты.

Шараның ашылу салтанатында қала әкімінің орынбасары Ділмұхамед Абызов айтулы мерекемен құттықтап, қатысушыларға сәттілік тіледі. Марафонды бокстан әлем чемпионатының күміс жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаев пен қола жүлдегер Тұрсынбай Құламет бастап, қатысушыларға ерекше рух сыйлады. Белгілі спортшылармен бірге жүгіру көпшілікке шабыт беріп, шараның деңгейін айшықтай түсті.

«Эдельвейс» жағажайынан бастау алған жарыс бағыты «Болашақ» университеті ғимаратына дейінгі аралықты қамтыды. Қатысушылар 5 шақырымдық қашықтықты еңсеріп, мерекелі көңіл-күймен мәреге жетті. Бұл күні қала көшелерінде спорттың, бірліктің және шаттықтың рухы сезілді.

Айта кету керек, жарысқа 100-ге жуық қызылордалық қатысты. Қатысушылардың ішінде ең жасы — 15-те болса, ең үлкені — 50-ден асқан қала тұрғыны. Іс-шара соңында қатысушыларға арнайы медальдар мен естелік сыйлықтар табыс етілді. Бұл марафон тек спорттық сайыс емес, ел мерейін көтерген мерекелік шеру болды.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚҰРЫЛЫСЫНА ҚАРАП, ҚАЛАНЫ ТАНЫ

Инфрақұрылым – қала тіршілігінің негізгі өзегі. Тұрғындар мәселесіне арқау болатын да осы инфрақұрылым жайы.

Жыл сайын қала инфрақұрылымын жақсарту мақсатында жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Тағы да сандарды сөйлетейік. Қалалық құрылыс бөлімінің мәліметіне сүйенсек, инженерлік инфрақұрылымды дамыту бағдарламасына 6 455,7 млн теңге қаржы бөлінген. Оның ішінде республикалық бюджеттен 460 млн теңге «Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жағалауы №2 шағын ауданынан 5 қабатты 10 тұрғын үйдің коммуналдық инженерлік инфрақұрылым желілерінің құрылысы» жобасына бөлінген. Сондай-ақ Ұлттық қор есебінен 732,1 млн теңге «Жезқазған тас жолының бойындағы 150 га жерге инженерлік желілер құрылысы, қиыршық тас жол құрылысы» жобасына бөлініп, толықтай игерілген. Бұл жұмысты «Қыран» ЖШС мекемесі атқарды. Ал облыстық бюджеттен 953,6 млн теңге бөлініп, жоспар бойынша 705,4 млн теңге қаржы толықтай игерілген. Атап айтқанда, Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №5 тұрғын кварталының инженерлік инфрақұрылымының құрылысы бас жоспар және телефон желілері жобасына 553,5 млн теңге бөлініп, 416 млн теңге қаржы игерілген. Жаңа тұрғын үйлерді абаттандыру жұмысы да назардан тыс қалып жатқан жоқ. Атап айтқанда, сол жағалау шағын ауданындағы 180А, 180Б, 180В, 180Г, 180Д көпқабатты тұрғын үйлерді абаттандыруға 214,4 млн теңге қаржы бөлініп, 104 млн теңге қаржы игерілген. Сонымен қатар қалалық бюджеттен 475,1 млн теңге бөлініп, 326,9 млн теңге қала аумағында жүргізілетін инфрақұрылымдарға ЖСК әзірлеуге 55,9 млн теңге және сол жағалау шағын ауданындағы 180А, 180Б, 180В, 180Г, 180Д корпусы мекенжайы бойынша көпқабатты тұрғын үйлерді абаттандыруға 204,3 млн теңге бөлініп, 122,6 млн теңге игерілген. Сол жағалаудағы тұрғын үй салу үшін бас жоспар жүргізуге 177,8 млн теңге бөлінген.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы қалаға қарасты ауылдардың инфрақұрылымын

жақсартуға үлкен септігін тигізгені анық. Бағдарлама аясында қалаға қарасты Қызылжарма ауылында 67 көшеге электр желісін тартуға республикалық бюджеттен 350 млн теңге бөлініп, елді мекенді жарықтандыру жұмысын мердігер мекеме «Сәт Сервис» ЖШС атқаруда.

Сондай-ақ бағдарлама шеңберінде ұлттық қор есебінен 1932,1 млн теңге бөлініп, оның 1888,3 млн теңге қаржысы игерілген. Бұл қаржыға қандай жұмыс атқарылды дегенге келейік.

– Ақсуат ауылдық округіне қарасты жаңа қоныс аумағының электр желісін жүргізу жұмысын жалғастыруға 573,1 млн теңге бөлініп толықтай игерілді. 2024 жылы осы жобаны бастауға

80 млн теңге бөлінген.

Жоба құны 1 004,9 млн теңгені құрайды. Жоба аясында ВЛ 0,4 кВ- 41,3 км, ВЛ 10 кВ-11,3 км электр желісі 560 тұрғын үйге жүргізіледі.

Қосшырау ауылдық округіне қарасты Досан елді мекеніндегі жаңа қоныс аумағына электр желісін жүргізу жобасын жалғастыруға 307,1 млн теңге бөлініп толық игерілді. 2024 жылы жұмысты бастауға 50 млн теңге бөлінді.

Жоба құны 391,8 млн теңгені құрайды. Жобаны толық аяқтауға қалалық бюджеттен 39,2 млн теңге бөлінді. Жоба аясында ВЛ 0,4 кВ-17,9 км, ВЛ 10 кВ-9,7 км электр желісі 604 тұрғын үйге жүргізіледі.

Қызылжарма ауылдық округінде электр желілерінің құрылысын аяқтауға 363,9 млн теңге бөлінді. 2023 жылы облыстық бюджеттен 100 млн теңге, 2024 жылы республикалық бюджеттен 48 млн теңге, Ұлттық қордан 131,5 млн теңге бөлініп, игерілген. Жоба құны 643,2 млн теңгені құрайды. Жоба аясында ВЛ 0,4 кВ-24,1 км, ВЛ 10 кВ-2,2 км электр желісі жүргізіліп, қабылдау актісімен тапсырылды. Жоба бойынша 39,1 млн теңге қаржы үнемделуде.

Қызылөзек ауылдық округіне қарасты Қараөзек ауылы, Қараөзек бекеті, Айнақол ауылдарына «Электр тарту желілерін қайта жаңғырту» жобасын жалғастыруға 688,1 млн теңге бөлініп толық игерілді. 2024 жылы 85,2 млн теңге бөлінді. Жоба аясында ВЛ 0,4 кВ- 44,7 км, ВЛ 10 кВ-10,2 км электр желісі 672 тұрғын үйге жүргізіледі.

Жоба

құны

1166,6 млн теңгені құрайды, – дейді қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Айдын Серікұлы.

Елді мекендерді газдандыру жұмысы да өңірде жүйелі жүргізілуде. Тағы да қалалық құрылыс бөлімінің мәліметіне сүйенсек, қалаға қарасты елді мекендерді газдандыру жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Атап айтқанда, «Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бағдарламасы шеңберінде 2 177,8 млн теңге бөлініп, жоспар бойынша 1 170,5 млн теңге толық игерілген. Ұлттық қор есебінен 725,4 млн теңге Сабаалақ елді мекеніне орамшілік газ желісі және ШГП құрылысы, 1-ші іске қосу кешенін жүргізуге бөлініп толықтай игерілді. Жоба құны – 1 036,3 млн теңге. Облыстық бюджеттен 121,3 млн теңге Сабаалақ саяжайына тұтынушыға дейін газ жеткізу жұмысына бөлініп, толық игерілді. Қалалық бюджеттен қала ішіндегі орамшілік газ құбырлары желісін салу жобасын аяқтауға бюджеттен 331,8 млн теңге бөлініп, 293,1 млн теңге жоспар бойынша игерілген.

Инфрақұрылымды жақсарту жайын айтсақ, бұл қатарда сумен қамтамасыз ету мәселесі назардың тыс қалмайтыны белгілі. «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы аясында 6413,6 млн теңге бөлініп, 2574,2 млн теңге жоспар бойынша игерілген. Тоғыз айда атқарылған жұмыстар жайын баяндаған қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Айдын Әнуар бұл мақсатта да атқарылған жұмыс аз емес екенін айтты.

– Ұлттық қор есебінен 821,8 млн теңге бөлініп, «Қызылорда қаласында ағын суларды тазарту қуаты тәулігіне 70,0 мың м3 биологиялық тазарту станциясын жаңарту және автоматтандыру» жобасын жалғастыруға 720,407 млн теңге бөлініп 511,4 млн теңге игерілді. 2023 жылы басталған «Қызылорда қаласының көріздік сорғы станцияларын реконструкциялау және жаңғырту. Рабочая көшесінің бойындағы 3 агрегатқа арналған №13 «Гагарин» КСС» жобасын жалғастыруға 101,4 млн теңге қаржы бөлінді.

Сонымен қатар облыстық бюджеттен 3864,1 млн теңге бөлініп

жоспар

бойынша

1302,6 млн теңге

толықтай игерілді. Бөлінген қаржыға қаладағы

Камалов көшесі бойымен Н.Шаменұлы көшесінен Көкенов көшесіне дейін су құбыры желісін қайта жаңарту жобасына 216921,3 млн теңге бөлініп, жоспар бойынша 63,3 млн теңге игерілді. Ге Бон У көшесі бойымен Қазақстан көшесінен Ш.Айманов көшесіне дейін, Ремонтников (Киселев) көшесі бойымен Қазақстан көшесінен Ш. Айманов көшесіне дейін, Путьцев көшесі бойымен Қазақстан көшесінен Жанқожа батыр көшесіне дейін су құбыры желісін қайта жаңарту жобасына 294,1 млн теңге бөлініп 100 млн теңге игерілді. Сонымен қатар Байсейітова көшесінен «Сейхун» институты, «Евразия» спорт кешені, Есенов көшесі, Мұратбаев атындағы орталық стадионнан №5 КНС-ке дейінгі өздігінен ағатын көріз желісін қайта жаңғырту жобасын жүргізуге 202,8 млн теңге бөлініп 100 млн теңге игерілді. Қаладағы Ыдырысов көшесі, Журба көшесінен Ыдырысов тұйығына дейінгі су жүйелерін қайта жаңғырту жобасын жүргізуге 104,2 млн теңге бөлініп 20 млн теңге игерілді. Қалаға қарасты Қызылжарма ауылдық округінде жалпы қуаттылығы 1440 текше метр болатын 3 дана ұңғыма бұрғылау жобасын жүргізуге 282,9 млн теңге бөлініп 207,7 млн теңге игерілді. Белкөл кентінде су құбыры, көріз желілерінің құрылысын жүргізуге 70,5 млн теңге бөлініп 47,2 млн теңге игерілді. Сабаалақ елді мекеніне су қоймасының құрылысын бастауға облыстық бюджеттен 415,1 млн теңге және қала бюджетінен 200,4 млн теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы негізінде жеңімпаз «Авангард ПГС» ЖШС жүргізуде. Облыс орталығындағы Ф.Мүсірепов көшесіндегі көпқабатты №10 тұрғын үй, Скатков көшесіндегі №104, №111 тұрғын үйлердің, Скатков көшесі, Ф.Мұратбаев көшесінен КНС-14 ҚҚ-72-ге дейінгі өздігінен ағатын көріз желілерін қайта жаңғырту жобасына 245,9 млн теңге, Қызылорда қаласы орталық бөлігінің су құбыры желілерінің құрылысын бастауға 498,2 млн теңге, Торайғыров көшесіндегі су құбыры желісін,

Махамбетов көшесіндегі су құбыры құдығынан

Қорқыт ата көшесі бойымен

КБИ шағын ауданындағы Достық

көшесіндегі су құбыры құдығына дейін

жаңарту жобасына 263,3 млн теңге, Қызылорда қаласында ағын суларды тазарту қуаты тәулігіне 70,0 мың м3 биологиялық тазарту станциясын жаңғырту және автоматтандыру жобасын аяқтауға 1157,9 млн теңге бөлінді.

Сондай-ақ қалалық бюджеттен 1727,7 млн теңге бөлініп жоспар бойынша 760,2 млн теңге игерілді. Бұл қаржыға «Қызылорда қаласында ағын суларды тазарту қуаты тәулігіне 70,0 мың м3 биологиялық тазарту станциясын жаңғырту және автоматтандыру» жобасына 1329,4 млн теңге, «Сабаалақ елді мекеніне су қоймасының құрылысына түзету» жобасына 200,4 млн теңге, «Тұран көшесіндегі су құдығынан бастап Ақжарма көшесіндегі су құдығына дейінгі су аралықтағы Өнеге (Свобода) көшесі бойындағы ауысу жүйесі және Жас Алаш көшесіндегі су құдығынан бастап Ақжол көшесіндегі су құдығына дейінгі аралықтағы Тұмароткел көшесі бойындағы ауысу жүйесі» құрылысын салуға 130,3 млн теңге бөлінді, – дейді бөлім басшысы.

Өрине, бұл қаладағы құрылыс саласындағы атқарылған жұмыстың бір парасы ғана. Біз сандарды сөйлетуге тырыстық. Ал күн сайын қалада қарапайым тұрғын ретінде көзбен көріп, нәтижесін сезініп жүрген құрылыс нысандары қаншама?!

Құрылыс қарқын алған Сырдың бас шаһарында ауыз толтырып айтарлықтай ірі жобалар аз емес. Соның бірі «Қайсар арена» жаңа стадионы болса, екіншісі – жаңа жылу электр орталығының құрылысы. Өңірдегі электр және жылу энергиясының тапшылығын шешу мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасымен салынып жатқан жаңа жылу-электр орталығының құрылысына инвестор «Акса энерджи» түрік компаниясы 137 млрд теңгеден астам инвестиция салды. Жоба аясында 2 газ турбиналық қондырғы, 95 МВт-тық бу турбинасы, 2 бу, 4 жылу қазандығы салынады. Бұдан бөлек, бюджет есебінен 15 млрд теңгеге орталыққа дейінгі 45 шақырым газ құбыры, автоматтандырылған газ тарту станциясы салынды. Станцияны биыл іске қосу жоспарланған. Бірінші кезекте бір газотурбиналық қондырғы мен 2 жылу қазандығы, келер жылы қалған қондырғылар іске қосылады деп жоспарланған.

Бүгінде Сырдың бас шаһарының сәулеті бөлек. Даңғыл жолдар, жанарған ойын алаңдары, самаладай жарқыраған көше шамдары, зәуліл ғимараттар мен саябақтардың көрінісі көңіл қуантады.

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

ЖЫР-КҮМБЕЗ

ШАБЫСЫ ЖҮЙРІК ХАС ТАЛАНТ



Талант жас талғаймайды. Тұлпарды шабысынан байқап, ерте бәйгеге қосады. Онерде де өрен жүйріктер бар. Домбыра қағысынан-ақ қабілеті байқалатын осындай хас жүйріктің бірі – Бексұлтан Орынбасаров. Арал ауданы, Шөмішкөл ауылында дүниеге келген өнерпаз бүгінде қалалық «Жастар» театрының әдебиет бөлімінің меңгерушісі және облыстық филармонияның дәстүрлі орындаушысы, педагогика-психология ғылымдарының магистрі.

Ол 16 жасынан үлкен сахналарға именбей шығып, тіпті жеңімпаз атанды. Алғаш рет 2017 жылы Алматы қаласында өткен халықаралық «Бозторғай» байқауында дәстүрлі өнер жанры бойынша I орын алып, өнерсүйер қауымның назарын өзіне аударды. Араға жыл салып, «Менің пірім – Сүйінбай» атты республикалық ақындар айтысының III орын иегері атануы да қаршадай баланың жеңіске өрлеген сәтті қадамы болды. Жарқыраған өнерімен елді тәңгі еткен Бексұлтан әрі қарай талай асуларды бағындырып, өнер көгіне самғай берді. Мәселен, Нұртуған жыраудың 130 жылдығына орай өткен облыстық жыршылар байқауының III орын иегері, 2019 жылы студенттер арасында өткен айтыс, жыршылар байқауы және ақындар мүшайрасының жүлдегері, 2020 жылы

Әйтеке бидің 375 жылдығына орай ұйымдастырылған «Жастар жырлайды» атты республикалық жастар айтысында ерекше көзге түсіп, «Жүрсіннің жүйрігі» атанды. Ал 2020 жылы Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай өткізілген «Абай жолымен» атты айтыста белгілі ақын Жаная Мусинамен тең түсіп, көрермен көзайымы атанды. Сонымен қатар 2020 жылы «Ақмешітін жырласын ақындарын» атты жыр мүшайрасынан жүлделі I орын, Сыр сүлейі Жәмет Сайымұлының 125 жылдығына арналған «Елім деп жыр төгілткен Жәмет жырау» атты облыстық жыраулар байқауынан I орын, «Азаттықты аңсаған арыстарым» атты айтыстан I орын, «Тәуелсіздік мәңгілік елдің тұғыры» атты облыстық жастар арасындағы айтыстан III орын, 2021 жылы Қазалы ауданында өткен «Асандар көтерілісіне – 90 жыл» толуына орай өткен айтыста I орын, сол жылы «Мәңгілік ел – мұратым» атты республикалық ақындар айтысының дипломанты атанып, өнер төрінен көрінді.

Бексұлтанның керемет жетістігі «Ең бірінші бақытым» атты республикалық айтыстан бас жүлдемен оралуы болды. Ол республикалық «Күміс домбыра» айтысында ерекше өнер көрсеткені үшін II орын иегері атанса, «Сыр дарыны – 2021» байқауының айтыс жанры бойынша бас жүлде алып, «Сыр дарыны» атанды. Көп ұзамай Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай өткізілген республикалық жас ақындар айтысында жүлделі II орынға табан тіреді. Болашағынан үміт күттірер талант иесі қай жарысқа барса да, жүлдесіз оралмайтынына тәңгі боласың. Небары 24 жастағы Бексұлтанның бойындағы табиғи таланты мен буырқанған бұла күші, суырыпсалмалық қабілеті талайды тамсандырып келеді. Бексұлтанның «Менің пірім – Сүйінбай» халықаралық ақындар айтысына жолдама алуының өзі талант пен еңбекті ұштастырғанының дәлелі. 2017 жылдан бері қолына кара домбырасын алып, небір хас жүйріктермен үзеңгі қағыстырған жас ақын бірнеше дүркін республикалық, облыстық, аймақтық айтыстардан бас жүлдемен, жүлделі орындармен оралып, Сыр елінің мерейін асқақтатты. Биылдың өзінде Шымкент қаласы әкімдігінің ұйымдас-

тыруымен өткен «Күміс домбыра» айтысының бас жүлдесін еншілеп, «Күміс домбыра» иегері атанды.

Ақындық пен жыршылықты қатар алып келе жатқан өнер иесінің жыр қорында Сыр сүлейлерінің терме-толғауларымен бірге ақын Нұрхан Ахметбектің «Ұры Карға», Кете Жүсіптің «Шаһзада» Айбек Тәнірбергеновтің «Қира ат» және лиро-эпостық жыр «Қыз Жібек» те бар.

Бабадан жеткен тектіліктің төресі жыраулық өнердің шырағын жағып, ел ішінде насихаттап жүрген Бексұлтан жақында ғана республикалық «Алтын домбыра» сайысынан I орынмен оралып, айтыс аламының тағы да бір шыңын бағындырды. Жыр доласынан шалқар шабытпен келген Бексұлтан жыраудың өз лебізін тыңдауды да мақұл көрді.

– «Алтын домбыра» Астананың төрінде жыл сайын өтетін республикалық айтыс. Бұл доғаға жылдың ең үздік ақындары таңдалып алынды. Өткен жылы «Күміс домбыра» жүлдесін алған соң дүбірлі доғаға Сыр елі баптап жіберді. Қарсыласым ақтөбелік ақын Нұрбол Жауынбаев болды. Екінші айналымда қазақтың аймаңдай жарқыраған аруы Сара Токтамысовамең айтыстым. «Шын жүйрікке қалғаннан озған оңай» деп Қалыр ағамыз айтқандай бағымыз жанып, I орынға табан тіреп, темір тұлпар мініп, олжалы оралдым. Бағым мен бабымның қатар шапқаны деп ойлаймын. Бұл айтыста бір ерекшелік болды. Көп ақындар үйреншікті мақаммен айта, біз Сыр бойының жыраулық өнерінде қолданып жүрген мақаммен айту ерекшелігімен де ат оздырдық. Сонымен қатар жас буынның айтыс сахнасында жарқырауы да көрерменді бір желпіндіргені анық. Өйткені айтыс аламына шыққан басқа айтыскерлер сақа ақындар болғандықтан болу керек Нұрбол екеуімізге халықтың қолдауы керемет болды, – дейді айтыстың жас дұлдулы.

Қалай десек те, Сыр елінің аманатын арқалаған Бексұлтандай жүйріктің шаршы топтағы аламанда, бәйгенің алдынан көрінгені жерлестерінің мерейін көтерді.

Gaynar АСҚАРҚЫЗЫ



Той жасау дәстүр ме, әлде бәсеке ме?

Жақсылықты жария етіп, бөлісу қазақ үшін қалыпты ұғым. «Жақсыны көрмекке» деген тәмсілдің төркіні де содан. Дүние есігін ашқан сәбиден бастап, үйленіп, отау көтергенге дейінгі өмір белестері той-думанмен өріледі. Бірақ соңғы жылдары сол қуаныштың салмағы жеңілдеп, мәнінен гөрі сәні басым түсіп бара жатқандай. Қазір той қуаныштан гөрі бір сәттік көрініс, тіптен мақтаным секілді. «Жұрт не дейді?» деген елдің пікірі қаншама отбасының мойнына қарыз жүктеп, талай жастың өмірін несиеге байлап отыр. Бүгінде қазақ тойы – дәстүр емес, жарыс алаңына айналған сыңайлы. «Жұрттан қалмау керек» деген желеу ысыраптың басты себебі болғандай. Қазір тойхана таңдау да, асаба таңдауда бәсеке, тіпті киген киіміңізден бастап, алыс-беріске дейін сынап-мінейтіндер көбейгендей. Қуанышты бөлісу емес, бәсеке дерсіз.

Қазақтың дастарханы кең, пейілі дархан еді. Бірақ бүгінде сол кеңдік ысырапқа айналғандай. Бір сәттік қуаныш үшін қыруар қаржы жұмсалады. банктен несие, туыстан

қарыз, ең соңында ата-ананың жүйкесін жұқартқан уайым. Бір тойға бес жүз, тіпті мың қонақ шақырылады. Етене жақын араласатынына қарағанда, көшеде жанынан өтсең

танымай, амандаспай кететіндері көп. Тойдың төрінде бұрын ақ бата беріліп, ақ тілек айтылса, ал қазір сахнаға шыққан кей асабалар орынсыз әзілмен, ерсі қимылмен тойға

жиналған қауымды күлдіремін деп, шектен шығатын жайттар көбейген. Тіпті қазір үлкен мен жастың арасына шекара қалмады. Бір-бірімен жарыса билеп, мазақ болғандар да жетерлік.

Той деген қасиетті ұғым шоуға айналып кетті десек артық айтқандық емес.

Қазақтың салт-дәстүрі – ұлт болмысының айнасы. Сол дәстүрдің бірі – қалыңмал мен жасау. Бұл – қыз баланың құндылығын арттырып ғана қоймай, екі жақтың байланысын бекіту мақсатында туған алыс-беріс. Сол секілді «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды» деп ата-бабамыз дәстүрді сақтап, жөн жоралғысымен, сән салтанатымен өткізетін. Ал бүгінде кей отбасылар қалыңмалды бәсеке құралына айналдырғандай. Қыздың жасауына келсек тіпті бөлек әңгіме. Қыз үшін емес, жұртқа көрсету үшін алынғандай. Келіннің артынан әкелінетін ыдыс-аяқ пен жиһаз, соңғы үлгідегі киім-кешек, түрлі брендтер, мұның барлығы әр отбасы үшін оңайға соқпасы анық. Бағасы аспандап тұр. Қаншама миллиондар тек «ұят болмасын» деген бір ауыз сөз үшін желге ұшады. Ал соның бәрі ата-ананың мойнындағы қарыз бен сарыуайымға айналады. Дегенмен қоғамда жаңа толқын қалыптасып келеді. Бүгінгі жастардың көбі тойды ысырапшылдық үшін емес, өмірдің маңызды қадамы ретінде қабылдай бастады. Олар үшін тойдың сәні емес, сапасы маңызды. Бүгінгі той туралы жастардың пікірін тыңдадық. Нәтижесінде қызылордалық жас Бекзатхан Махамбет былай дейді:

– Той – бір сәттік қуаныш. Әлеуметтік желіде жарысып, кімнің тойы күшті өтті деп мақтанудың қажеті жоқ. Сол миллиондаған ақшаны жинап, болашағына салған дұрыс. Үй ал, кәсіп аш, сол пайдалы. Той үшін қарызға батып, жұрттың сөзі үшін өмір сүргеннен не қайыр? Сен қанша жерден тойынды дүркіретіп өткізсең де, мін айтып, сынайтындар табылады, – дейді ол.

Ал студент Жанабай Сандуғаштың айтуынша, екі сағаттық той үшін аста-төк шашылып той жасаудың қажеті жоқ дейді.

– Меніңше, той 500 адамға емес, тек жақындарға арналған мереке болуы керек. Мейрамханаға шашылып той жасағанша, сол ақшаға шетелге саяхаттап, көзқарасыңды кеңейткен әлдеқайда пайдалы. Қазір «жұрт не дейді?» деп емес, «болашағыма жасалған бұл қадам дұрыс па?» деп ойланатын кез, – дейді ол.

Той болған жақсы. Бірақ оның қадірі ысыраптың көлеңкесінде қалмауы тиіс. Тойды сәнмен емес, салтпен өткізу ұлт алдындағы парыз. Шынайы қуаныш – қымбат тойханада, алтынмен апталған үстелде емес, ағайынның ақ тілеуінде жатыр. Қазір той мәдениеті – ел мәдениетінің көрінісі десек, қазақтың тойы қайтадан өзінің асыл болмысына оралар еді. Ысырапшылдық пен қарызсыз той жасауға болатынын естен шығармасак екен.

Айдана БАХТИЯР



Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:

Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас редактор - 40-11-10 (ішкі номер – 1009)

Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі номер – 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі номер – 1022)

Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі номер – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан БӨЙМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3978

Таспырыс №1826

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана БАХТИЯР